



**Автор:** Досбаева Оразкүл Нұрланбекқызы

**Пән:** Қазақ тілі (Т1)

**Сынып:** 2-сынып

**Бөлім:** Дені саудың - жаны сау



**Тақырып:** Жұрнақ пен жалғау


Сабақтың мақсаты:	Жұрнақ пен жалғауды ажырата білуге дағдыландыру. Жаттығуларды толық меңгерту. Сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.
Күтілетін нәтиже:	<b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. <b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. <b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийлері:	-жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. -жұрнақ пен жалғауды ажыратады.
Бастапқы білім:	Түбір мен қосымша
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
Тілдік мақсат	Сұрақ-жауап, баяндау, әңгімелеу

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b> Топтарға бөлу. «Дені саудың-жаны сау» 1-топ: Ауа.            2-топ: Күн. 3-топ: Су            4-топ: Жер Әр топ өз атауын қорғайды. (Ағылшынша атаулары) Ауа – air – воздух            Күн – sun – солнце Су – water – вода            Жер – land – земля Психологиялық ахуал қалыптастыру: Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Құрметпенен сіздерге, Бас иеміз біз. <b>2. Ұй тапсырмасы.</b> <b>Конверттегі сұрақ</b> (әр топқа сұрақтар беріледі) - Түбір сөз дегеніміз не?            - Омоним сөздер дегеніміз не? - Қосымша дегеніміз не?            - Синоним сөздер дегеніміз не? - Жұрнақ дегеніміз не?            - Антоним сөздер дегеніміз не? - Жалғау дегеніміз не?            - Сөз дегеніміз не? Мысалдар келтіру.	Топқа бөлінеді.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар																				
Жаңа білім	<p><b>Білу және түсіну</b>  <b>Ауа, күн, су, жер</b> сөздеріне қосымшалар жалғау.  Ауа-сыз, күн-шіл, су-лық, жер-шіл т.с.с.  Оқулықпен жұмыс.  77-жаттығу. Мәтінді оқып, Жұмбақшалдың не дегенін болжап айт.  - Ауа, су, күнді «Сиқырлы» деп атауға бола ма? Неге? Түйінді сөз:  Жер, су, күн, ауаның адам денсаулығы үшін маңызы зор.  Адам спортпен шұғылданып, суға шомылып, күнге қыздырынып, пайдалы тағамдарды қолданып жүрсе денсаулығы мықты болады.</p> <p>78-жаттығу. Өлеңді қатесіз жазып, қарамен берілген сөздердегі жұрнақ пен жалғауды тиісті белгімен белгілеу. Байлық (1-топ), бабаң (2-топ), жолын (3-топ), шахтан (4-топ).  <b>Дескриптор:</b> 1. Мәтінді оқып, Жұмбақшалдың не дегенін болжап айтады.  2. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақтар қояды.</p>	<p>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Оқулықпен жұмыс.</p>																				
Сабақтың ортасы	<p>Қолдану Ойын «Артығын тап».</p> <table border="0"> <tr> <td>1-топ:</td> <td>2-топ:</td> <td>3-топ:</td> <td>4-топ:</td> </tr> <tr> <td>Асхана</td> <td>Балықшы</td> <td>Достар</td> <td>Дәрігер</td> </tr> <tr> <td>Аспаз</td> <td>Балықпен</td> <td>Достық</td> <td>Дәріні</td> </tr> <tr> <td>Астың</td> <td>Балықтар</td> <td>Досым</td> <td>Дәрінің</td> </tr> <tr> <td>Астық</td> <td>Балықтың</td> <td>Досыңыз</td> <td>Дәріден</td> </tr> </table>	1-топ:	2-топ:	3-топ:	4-топ:	Асхана	Балықшы	Достар	Дәрігер	Аспаз	Балықпен	Достық	Дәріні	Астың	Балықтар	Досым	Дәрінің	Астық	Балықтың	Досыңыз	Дәріден	<p>Оқулық, плакат, түрлі-түсті маркерлер.</p>
1-топ:	2-топ:	3-топ:	4-топ:																			
Асхана	Балықшы	Достар	Дәрігер																			
Аспаз	Балықпен	Достық	Дәріні																			
Астың	Балықтар	Досым	Дәрінің																			
Астық	Балықтың	Досыңыз	Дәріден																			
Сергіту сәті	Сергіту сәті "Ұзын құлақ, сұр қоян"	Қимылмен көрсету.																				

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p><b>Топтық жұмыс. Постер қорғау.</b></p> <p><b>1-топ:</b> бір түбірден шыққан бірнеше сөз ойлап жазу. Оқу &lt; Егін&lt; Ойын&lt;</p> <p><b>2-топ:</b> сызба бойынша сөздер құрастырып жазу. Image not found or type unknown</p>  <p><b>3-топ:</b> артық сөзді тауып, сол сөздермен сөйлем құрастыру. а) Өнер, өнерпаз, әнші, өнерлі. ә) Еңбекте, еңбекші, еңбекқор, орман. б) Білім, оқушы, білімді, білгіш.</p> <p><b>4-топ:</b> Венн диаграммасы. Image not found or type unknown</p>  <p>Мысал келтіру.</p> <p>80-жаттығу. Сөздерді жұрнақ жалғау арқылы өзгертіп жаз. <b>Ішіне - сыртына.</b> Ішіне жұрнақты сөздерді, сыртына жалғаулы сөздерді жазу. Іс, орын, талап, көл, қобыз. Керекті жұрнақтар: -шік, -шы, -кер, -дық, -ты.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Топтық жұмысты орындайды.</li> <li>2. Жұрнақ пен жалғауды ажыратып жазады.</li> </ol>	Постер қорғау.
Сабақтың соңы	<p><b>Тест. Әр топқа:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жалғауы бар сөзді көрсет.</li> <li>- Жұрнағы бар сөзді көрсет.</li> <li>- Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны көрсет.</li> <li>- Түбірдің мағынасын өзгертетін қосымшаны көрсет.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b> Жұрнақты және жалғаулы сөздерді, түбір мен қосымшаны ажыратады.</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Кері байланыс	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мен бүгін не білдім/ үйрендім?</li> <li>- Сабақта мен өзімді қалай сезіндім?</li> <li>- Мен үшін не ең қызық болды?</li> <li>- Мен кешегі күнмен салыстырғанда өстім бе?</li> </ul>	
Бағалау .Рефлексия-лық шеңбер	<div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">  </div> <p>Жақсы жауап бергендерге - Қызыл гүл. Орташа - Сары гүл Төмен - Жасыл гүл.</p>	Бағалау парақшасы
Үйге тапсырма	33 бет, 79-жаттығу, ереже.	